

«БЕКТЕМН»
«Жәңгір хан атындағы
Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» КеАҚ-ның
Директорлар кеңесінің төрағасы
Тамбек А.Г.

Хаттама №
« 08 » _____ 2024 ж

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ-ның
2024-2029 жылдарға арналған
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

МАЗМҰНЫ

1-бөлім. Бағдарламаның төлқұжаты

2-бөлім. Сыртқы орта мен ағымдағы жағдайды талдау

3-бөлім. Ұйымның миссиясы, көзқарасы, құндылығы және даму перспективалары

4-бөлім. Стратегиялық бағыттары, мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлар және оған қол жеткізу жолдары мен шаралары

5-бөлім. Ресурстар

6-бөлім. Күтілетін нәтижелер

7-бөлім. Қысқартылған анықтамалар

1-бөлім. Бағдарламаның төлқұжаты

Бағдарламаның атауы	«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасы
Әзірлеу негіздемесі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы. 3. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы. 4. Қазақстан Республикасының «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңы. 5. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 1 маусымдағы Ұлттық Ғылым академиясының мерейтойлық сессиясында сөйлеген сөзі. 6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары. 7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. 8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы 9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы 10. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын дамыту бағдарламасын әзірлеу құрылымы мен қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 25 қазандағы № 590 бұйрығы
Бағдарламаны әзірлеуші	«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ
Жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Бағдарламаның мақсаты	<ol style="list-style-type: none"> 1. Білім алушылардың білім беру және зерттеу қоғамдастығын қалыптастыру 2. Білім беру сапасын қамтамасыз ету және студенттерді болашақ мансап мүмкіндіктерге дайындау 3. Ғылымның ел экономикасын дамытуға қосатын үлесін арттыру 4. Қоғамға бағытталған тұлғаны қалыптастыру
Бағдарламаның міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1.1 Талапкерлермен және мүдделі тараптармен өзара қатынастардың әртүрлі құралдарын пайдалану 1.2 Талапкерлердің назарын аудару және қызығушылығын

	<p>арттыру үшін университет қызметі туралы ақпараттандыруды кеңейту</p> <p>2.1 Оқу процесін басқарудың және білім беру сапасын қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру</p> <p>2.2 Өңірді білікті кадрлармен қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеу</p> <p>2.3 Үздіксіз білім беру жүйесін дамыту</p> <p>3.1 Бәсекеге қабілетті ғылыми экожүйені дамыту</p> <p>3.2 Ғылыми-техникалық нәтижелерді коммерцияландыру және ғылымды қажетсінетін стартаптарды бизнес-инкубациялау</p> <p>3.3 Білімді тарату бағдарламаларын дамыту және ғылыми әзірлемелерді кеңейту</p> <p>4.1 Әлеуметтік экожүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету</p> <p>4.2 Білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту</p> <p>4.3 Серіктестік пен қоғаммен байланысты дамыту</p>
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	2024-2029 жылдар
Қаржыландыру көздері	<p>Алынған қаражат ретінде университеттің кірістері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бюджеттік бағдарламаларды (оның ішінде гранттарды, БНҚ) орындау, - ақылы білім беру және ғылыми қызметтерді іске асыру, - университет қызметінің басқа да түрлері

2-бөлім. Сыртқы орта мен ағымдағы жағдайды талдау

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі университеттер мен бизнестің мемлекетпен өзара әрекеттестігі, цифрландыру, интернационалдандыру, академиялық артықшылық бастамалары, университеттердің білім беру қызметтері мен ғылыми зерттеулерінің сапасына қойылатын талаптарды арттыру, қоғамға қызмет етуге бағдарлану, университеттердің корпоративтік басқаруы мен академиялық еркіндігін дамыту сияқты халықаралық трендтерге бағытталынады. Жоғары және үздіксіз білім беру мен ғылым жүйесін дамыту мынадай қағидаттарға негізделеді: барлығының сапалы жоғары білім алуға құқықтарының теңдігі; зияткерлік дамуды, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін жоғары білімнің қолжетімділігі; оның деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; оқытудың жеке траекториясын еркін таңдау және үздіксіз білім беру арқылы құзыреттілік пен дағдыларды қалыптастыру; еңбек ресурстарының ұтқырлығы – қызмет бейінін өзгерту және бір мезгілде әртүрлі салаларда кәсіптік білім алу мүмкіндігі; ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің басымдығы; мемлекеттік қолдау алу кезінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ашықтығы, объективтілігі мен теңдігі; ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар; ғылымды, білім беруді, бизнесті және өндірісті ықпалдастыру; халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту; экономиканың басым секторларында технологияларды коммерцияландыруды ынталандыру, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті дамытуға қатысуы үшін көтермелеу және жағдайлар жасау.


Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті (бұдан әрі – БҚАТУ) Қазақстанның батысында орналасқан және 1963 жылы құрылған. Бүгінде ол Қазақстан экономикасының аграрлық және сабақтас салалары үшін жоғары білім мен зерттеулер нарығында берік орын алады.

Университет мамандықтарының спектрі Батыс Қазақстан экономикасының басым секторларының ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне өзара байланысты. Мұнда машина жасау, мұнай-химия, құрылыс индустриясы, жеңіл және тамақ өнеркәсібі салаларында бірқатар ілеспе және қайта өңдеу өндірістері бар ірі агроөнеркәсіптік және мұнай-газ кешені құрылуда, шағын және орта бизнес дамуда.


Университет контингентін қалыптастырудың негізгі сегменті Батыс Қазақстан болып табылады, бұл ретте талапкерлердің 10% Ақтөбе облысының мектептері мен колледждерінің түлектері есебінен қалыптастырылады, қалған талапкерлер Орал қаласы мен Батыс Қазақстан облысының аудандарынан келеді.

Ресми статистика деректері (stat.gov.kz - ҚР ҰЭМ Статистика комитеті) жоғарыда көрсетілген салалар бойынша орта білім туралы аттестат алған оқушылар санының өскенін куәландырады (сурет.1).

Көрсеткіштің динамикасы
Орта білім туралы аттестат алған
оқушылар саны
Батыс Қазақстан облысы




Көрсеткіштің динамикасы
Орта білім туралы аттестат алған
оқушылар саны
Ақтөбе облысы




Сурет 1. Батыс Қазақстан облыстарының бөлінісінде орта білім туралы аттестат алған оқушылар саны

Сонымен қатар, 2007 жылдан бастап нысаналы салалар бойынша туу көрсеткіші тұрақты динамиканы көрсетеді, ал осы кезеңде туылған балалар бүгінгі талапкерлер контингентін қалыптастырады (сурет. 2).

Көрсеткіштің динамикасы
Тірі туылғандар саны
Батыс Қазақстан облысы



Көрсеткіштің динамикасы
Тірі туылғандар саны
Ақтөбе облысы



Сурет 2. Батыс Қазақстан облыстары бөлінісінде туылғандар санының динамикасы (2007-2013 жж.)

Осылайша, біздің университетке деген міндеттеме деңгейін сақтай отырып (басқа факторлар өзгермеген жағдайда), біз жақын болашақта талапкерлер санының өсуін күтеміз.


Жоғары білімге сұранысты ынталандыратын тағы бір маңызды фактор – бұл еңбек нарығына деген қажеттілік. Әр түрлі дағдарыстардың еңбек нарығының дамуына әсері ЖІӨ өсуінің баяулауына әкеледі, бұл жаңа жұмыс орындарын құруға теріс әсер етеді. 2017-2021 жылдар аралығында жұмыс орындарының саны небәрі 3%-ға артты.

Еңбек нарығын дамытудың 2025 жылға дейінгі кешенді жоспарына сәйкес 2010-2021 жылдар ішінде жұмыспен қамтылғандар саны 9%-ға, яғни 8 114 мыңнан 8 807 мың адамға дейін ұлғайды. 2010-2021 жылдар аралығында Қазақстанда жалдамалы жұмыскерлер саны 1 301 мың адамға немесе 24%-ға, өз бетінше жұмыспен қамтылғандар саны 608 мың адамға немесе 23%-ға қысқарды. Өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейі 9 пунктке төмендеп, барлық жұмыспен қамтудың 24%-ын құрады.

2000 жылдан бастап елде демографиялық жағдайдың жақсарғаны байқалады, сондықтан осы кезеңде шамамен 300-400 мың бала дүниеге келді. Қазір олардың үлкендері еңбекке қабілетті жасқа жетіп, жұмыс күшінің 60%-ын құрайды. 2030 жылға қарай жұмыс күшінің жыл сайынғы өсімі шамамен 100 мың адам, яғни 80%-ын жастар құрайды. 2050 жылы болжамды халық саны 27,8 млн. адамды құрайды, ал мегаполистердің халқы 2 есеге өседі.

Осылайша, университет ұжымының күш-жігері еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, білікті кадрларға қажетті салалар үшін мамандарды дайындауға бағытталған.

Университет үш негізгі сегментте дамиды – аймақтың қажеттіліктеріне, қаржыландыру көздерінің көп арналығына және адал баға саясатына бағытталған кәсіпкерлік университет ретінде, мал шаруашылығы саласындағы мәселелерді зерттеуге бағытталған инновациялық зерттеулер университеті ретінде және университетте цифрлық орта құруға, оны білім мен ғылымда қолдануға бағытталған смарт-университеті ретінде (сурет.3).



Сурет 3. Университетте үш спираль қағидатын жүзеге асыру

Мал шаруашылығы саласындағы трансфертте және технологиялық шешімдерді қолдануда көшбасшылықтың негізінде орын алу біз үшін шешуші мәнге ие, өйткені біз анағұрлым технологиялық қоғамымыздың қажеттіліктеріне жауап беріп, үздік отандық және шетелдік университеттермен табысты бәсекелесуді қалаймыз. Бұған «АӨК тұрақты дамуы және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі» БНҚ және ГҚ мамандандырылған бағыттары бойынша университеттің басымдықтары негізделген. Біз университет ретінде кәсіпкерліктің технологиялары мен жаңа түрлерін шығаратын орталыққа айналуымыз керек. Өндірістік процестерге ҒЗТКЖ енгізуге және оларды коммерцияландыруға ерекше назар аудара отырып, оқытуды белсенді дамытамыз және ғылыми зерттеулер жүргіземіз.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті білім беру қызметтері нарығында тұрақты ұстанымға ие және осы салаларға елеулі үлес қоса отырып, Батыс Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамуына белсенді ықпал етеді. Түлектеріміз еңбек нарығында сұранысқа ие, ал біздің ғылыми қызметіміз өсуде. Бұл қоғамдағы беделімізді нығайтуға ықпал етіп, білім мен зерттеулерге қосқан үлесімізді әртараптандыруға және нығайтуға мүмкіндік береді. Бұл жетістіктер қаржылық

көрсеткіштердің оң динамикасымен бірге (сурет. 4), стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін инвестицияларды кеңейтуге мүмкіндік береді.




Сурет 4. Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштердің динамикасы

Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер динамикасының деректерін талдай отырып, 2017 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде университеттің кірісі 116%-ға, сонымен бірге шығыстар 132%-ға өсті. Сондай-ақ, ПОҚ орташа жалақысының 2018 жылғы 147 958 теңгеден 2023 жылы 334 224 теңгеге дейін өсуі байқалады. Жалпы университет бойынша орташа жалақының өсуі 124% құрады. 2018-2023 жылдар кезеңінде объектілерді салуға, реконструкциялауға, негізгі құралдарды сатып алуға және т.б. бағытталған шығындар жиынтығы 1 981 млн. теңгені құрады. Инвестициялық қаражат есебінен 2020 жылы «Жәңгір хан» спорт кешені ашылды, кейінгі жылдары инвестициялар «Нива» спорттық-сауықтыру кешенін қайта жаңғыртуға бағытталды.


Алдыңғы жоспарларымызды іске асырудың арқасында біз жекелеген бағыттар бойынша айтарлықтай жетістіктерге жеттік. Жәңгір хан атындағы БҚАТУ Батыс Қазақстанда жақсы танымал. Біздің түлектер ауыл шаруашылығы секторында, қаржы-экономикалық салада және экономиканың басқа да сегменттерінде негізгі басшылық позицияларды иеленіп, кәсібиліктің жоғары деңгейін көрсетеді.

Соңғы жылдары университет контингентінің саны, ҰБТ орташа балының төмендеуі проблемаларына кезігуде. 2019-2023 жылдар аралығында білім алушылар санының динамикасы 13%-ға төмендеді. Бұл талапкерлердің колледждерге, елордалық жоғары оқу орындарына және жақын шет елдердің жоғары оқу орындарына түсуіне байланысты. Бірақ, бұл ретте бакалавриаттың бірінші курсына қабылданғандардың тұрақты серпіні және мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алушылардың үлесінің өсуі сақталады. Жалпы орташа балдың төмендеуі негізінде республика бойынша ҰБТ орташа балының төмендеуімен байланысты.


Университетте ғылыми зерттеулерді орындауда ПОҚ саны жеткілікті, бұл ғылыми қызметтен түсетін табыстың өсуін қамтамасыз етеді. Университет икемді баға саясатын жүзеге асырады, атап айтқанда, ерекше дарынды жастарға гранттар мен арнайы оқу жеңілдіктерін ұсынады (сурет. 5-11).




Сурет 5. Контингент санының динамикасы (барлығы), адам




Сурет 6. Контингент санының динамикасы (грант), адам




Сурет 7. Қабылдаудың орташа балл динамикасы




Сурет 8. Бірінші курсқа қабылдау санының динамикасы, адам



Сурет 9. ПОҚ штат санының динамикасы, адам



Сурет 10. Университет бөлген білім беру гранттарының саны, бірл.



Сурет 11. ҒЗЖ қаржыландыру көлемі, млн. тг.

Университет бизнес-ортамен өзара байланысқа ерекше көңіл бөледі. Қазіргі экономика жағдайында жоғары білікті кадрларды даярлауда жоғары оқу орнының

кәсіпорындарымен және бизнес-ортамен әріптестік қатынастарын қалыптастыру білім беру сапасын, жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз етудің стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады.

Көпсалалы ЖОО ретінде университет ауыл шаруашылығы, құрылыс, машина жасау, энергетика, мұнай және газ, экономика салалары үшін мамандар даярлайды және стратегиялық әріптестерді таңдау ЖОО үшін басым білім беру бағыттарына негізделеді.

Білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыру, жұмыс берушілерді оқу процесіне тарту тұрғысынан ынтымақтастықты жолға қоюға ЖОО түлектерінің қолдауы ықпал етеді. Мұндай түлектердің саны 600-ге дейін өсті. Сондай-ақ, университет іске асырылып жатқан білім беру бағдарламаларының бейініне сәйкес келетін жұмыс берушілермен ғана емес, сонымен қатар салалық одақтармен де әріптестік қарым-қатынас орната отырып, ынтымақтастық саласын кеңейтуде. Бұл университетке облыстың жетекші компанияларымен ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік береді. Бұл іс-шаралар белсенді серіктестер санының 98 адамға дейін өсуіне мүмкіндік берді.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ Астана, Алматы қалаларының, Батыс Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Түркістан және Қызылорда облыстарының 200-ден астам кәсіпорындарымен, ұйымдарымен ынтымақтасады.

Университет «Стекло Сервис» ЖШС, «Орал трансформатор зауыты» ЖШС, «Квант» ЖШС, «Жайық Агро ЛТД» ЖШС, «Белес Агро» ЖШС, «Батыс Қазақстан Құрылыс материалдары корпорациясы» АҚ, «Green Company» ЖШС, Shell Kazakhstan компанияларымен білім беру және зерттеу қызметінде өзара тығыз байланыс жасауда. Дуальды білім беру элементтері бар кәсіптік бағдарланған бағдарлама (1-2 курс) және ерте жұмысқа орналастыру бағдарламасын (3-4 курс) іске асыру басталды.

Түлектердің еңбек нарығында сұранысы, олардың дайындық деңгейінің жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкестігі – кәсіби білім беру мекемесінің табысты жұмысының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Түлектердің жұмысқа орналасуын талдау деректері көрсетіп отырғандай, 4 жыл ішінде жұмыспен қамтылғандардың үлесі 69,5%-дан 85,12%-ға дейін өсті. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері оң динамикаға ие, бұл Мансап және бизнес серіктестік орталығының белсенді жұмысына байланысты.

Университетті бітіргеннен кейінгі бірінші жылы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін талдау, 2019-2023 ж.

Жыл дар	Көрсеткіштер									
	Түлектер саны, адам			Жұмысқа орналасатын түлектер саны, адам			Жұмысқа орналастырылды			
	университет бойынша барлығы	соның ішінде ауылшаруашылығы мамандығы бойынша		университет бойынша барлығы	соның ішінде ауылшаруашылығы мамандығы бойынша		барлығы	мамандық бойынша	соның ішінде ауылшаруашылығы мамандығы бойынша	
барлығы		грант бойынша	барлығы		грант бойынша	барлығы			грант бойынша	
2019	1187	316	211	1187	316	211	1011	606	229	131
2020	1318	394	292	1318	394	292	789	510	292	156
2021	1199	352	211	910	276	149	684	458	204	130
2022	1105	314	213	932	287	191	742	563	237	166
2023	1094	294	239	999	262	220	741	460	227	195

Университеттің жұмыс берушілермен өзара әрекеттестігі мынадай қағидаттарға негізделеді:

1. Корпоративтік серіктестер базасын айтарлықтай кеңейту;

2. Жұмыс берушілерді оқу процесінің барлық кезеңдеріне қосу: бейінді кәсіпорындар базасындағы тәжірибеге бағдарланған сабақтар (барлық оқу сабақтарының 30-40%), практика, білім алушылардың тағылымдамасы, жас оқытушылардың тағылымдамасы, қонақ дәрістері, жұмыс берушілердің қорытынды мемлекеттік аттестаттауға қатысуы, студенттердің кәсіпорындардың нақты проблемаларын шешу бойынша бітіру жұмыстарын орындауы;

3. Серіктес шаруашылықтар мен ұйымдарда ерте жұмысқа орналасу.

ЖОО-да 2009 жылғы 15 сәуірде құрылған Жәңгір хан атындағы БҚАТУ түлектері мен қамқоршыларының қауымдастығы жұмыс істейді, 2021 жылы құрылтайшылардың жалпы жиналысының 2021 жылғы 31 наурыздағы шешімімен қауымдастық «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің түлектері мен қамқоршыларының қауымдастығы» ҚБ ретінде қайта тіркелді. Қауымдастық университеттің даму қорын (эндаумент) құруды, оны іске асыру бойынша дайындық жұмыстарын жоспарлауда.

Университет кадр саясатын ЖОО стратегиясының негізгі басымдықтарына сәйкес жүзеге асырады.

2019-2023 жылдар кезеңіндегі Жәңгір хан атындағы БҚАТУ қызметкерлері санының динамикасы

Көрсеткіштің атауы	Жылдар				
	2019	2020	2021	2022	2023
Қызметкерлердің жалпы саны, адам.	880	901	806	824	856
Оның ішінде:					
профессорлық-педагогикалық құрам, адам	344	335	321	299	298
әкімшілік-басқару персоналы, адам.	44	44	37	44	44
оқу-көмекші персонал, адам.	49	51	40	41	47
қызмет көрсетуші және өзге де персонал, адам.	443	471	408	440	467

Университеттің басым бағыттарының бірі – ПОҚ-тың сапалық деңгейін арттыру. Бұл бағытта жас оқытушыларды шетелдік және отандық жоғары оқу орындарына жібере отырып, кадрларды нысаналы даярлау бойынша мақсатты жұмыстарды жүзеге асырады. Дәрежелілік деңгейі орта есеппен 40,2% құрайды.

2019-2023 жылдар кезеңіндегі ПОҚ сапалық құрамы

Көрсеткіштің атауы	Жылдар				
	2019	2020	2021	2022	2023
ПОҚ жалпы саны, адам.	344	335	321	299	298
оның ішінде:					
бейіні бойынша доктор (ғылым докторы)	16	16	15	14	15
ғылым кандидаттары	85	78	69	69	70
философия докторлары (PhD)	32	37	39	39	47
магистрлер	149	145	144	132	134
ПОҚ-ның дәрежелілік деңгейі, %	39,0	39,0	38,0	41,0	44,0
ПОҚ-ның орташа жасы	41,4	43,2	44,5	43,6	44,6
«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын алған қызметкерлер саны				2	1

Қолданыстағы біліктілік шегінде кәсіби деңгейін арттыру және кәсіби қызметке қажетті жаңа құзыреттерді алу үшін университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы әртүрлі біліктілікті арттыру курстарынан және тағылымдамадан өтеді.

Біліктілікті арттыру, адам.

Көрсеткіштің атауы	Годы				
	2019	2020	2021	2022	2023
Халықаралық деңгейде оның ішінде:	88	41	110	95	175
- «Болашақ» бағдарламасы бойынша	-	-	-	1	5
- Эрасмус+ бағдарламасы бойынша	4	1	8	9	10
- ғылыми жобалар бойынша	1	3	2	13	14
Республикалық деңгейде	89	187	60	142	67

ПОҚ-тың тиімді және нәтижелі еңбекке уәждемесін дамытуға, университеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған еңбекке ақы төлеудің кредиттік жүйесін белгілеу мақсатында 2020 жылы «ПОҚ санатын беру туралы» Ереже әзірленді. Осы жылы санатқа барлығы 16 адам қатысты, оның ішінде 3 профессорға 3-ші санат, 8 доцентке, 2 аға оқытушыға, 2 оқытушыға – 4-ші санат және 1 оқытушыға – 5-ші санат берілді. 2023 жылы ПОҚ санаттарына негізделген еңбекақы төлеу жүйесіне профессорлар-оқытушылар құрамының 100%-ның көшуі жүзеге асырылды.

ПОҚ лауазымдары бөлінісінде санаттар бойынша саны

№	Санаттар	2020 жыл				2023 жыл			
		Профессор	Доцент	Аға оқытушы	Оқытушы	Профессор	Доцент	Аға оқытушы	Оқытушы
1	1 санат	-	-	-	-	1	1	-	1
2	2 санат	-	-	-	-	3	-	-	-
3	3 санат	3	-	-	-	1	9	1	-
4	4 санат	-	8	2	2	8	38	35	-
5	5 санат	-	-	-	1	3	37	46	4
6	6 санат	-	-	-	-	-	8	51	9
7	7 санат	-	-	-	-	-	-	4	38
	Санаттан тыс	13	83	171	52	-	-	-	-
	Барлығы:	16	91	173	55	16	93	137	52

Біз барлық күш-жігерімізді халықаралық және Ұлттық рейтингтік агенттіктер белгілеген критерийлерге сәйкес университетіміздің танымалдығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағыттаймыз. Университеттің рейтингтері халықаралық академиялық ортаның ажырамас бөлігі болды. Әлемдік ақпараттық кеңістік тұрғысынан әлемдік білім нарығында университет имиджінің маңызды құралы ретіндегі рейтингтердің рөлі өте зор. Осыған байланысты, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті жыл сайын жоғары оқу орындарының халықаралық және Ұлттық рейтингтеріне қатысады.

Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның үздік университеттерінің рейтингінде QS EESA University ranking 2021, 2022, БҚАТУ Quacquarelli Symonds (QS) халықаралық рейтингтік агенттігі өткізеді. Жәңгір хан университеті Шығыс Еуропа мен Орталық Азия университеттері арасында 351-400 позицияны иеленіп, үздік 400 университеттің қатарына енді.

QS Asia 2023 Халықаралық рейтингінің қорытындысы бойынша Жәңгір хан атындағы БҚАТУ 451-500 орынды иеленді, оған Азияның көптеген жоғары оқу орындарынан (Қытай, Үндістан, Жапония, Тайвань, Сингапур, Малайзия, Индонезия, Оңтүстік Корея, Орталық Азия) тек үздік азиялық 760 университет кірді. Сондай-ақ, «QS Asia University Rankings 2023: Орталық Азия» рейтингінде жоо-мыз 23-і орынды иеленді.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ 2024 жылғы QS Asia University Rankings рейтингінде 856 ЖОО арасында 501-550 орын, ал «QS Asia University Rankings 2024: Орталық Азия» рейтингінде – 24-ші орын алды.

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА/IAAR) өткізетін «Қазақстан Республикасы ЖОО сұранысының тәуелсіз рейтингі-2023» жыл сайынғы Ұлттық рейтингінде университет 33060 балл жинап, 8-ші орынды (2018ж. – 10 орын; 2020ж.–11 орын) иеленді.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік (IQAA-Ranking) өткізетін Қазақстанның үздік техникалық жоғары оқу орындарының жыл сайынғы ұлттық рейтингісіне қатысады. 2023 жылы университет 74,98% жинап, осы рейтингте 6-орынға ие болып, қарқынды ілгерілеуді көрсетті.

«Атамекен» ҰКП ЖОО рейтингінің қорытындысы бойынша университеттің рейтингіне қатысқан 30 білім беру бағдарламасының 9-ы білім беру бағдарламалары бойынша көшбасшылардың бірінші үштігінде: 6B07301 Құрылыс материалдарын өндіру, 6B07302 Жерге орналастыру, 6B08400 Аквамәдениет және су биоресурстары, 6B07200 Тамақ өнімдерін өндіру, 6B07303 Кадастр, 6B08102 Өсімдіктерді қорғау және карантин, 6B11200 Өндірістегі тіршілік қауіпсіздігі, 6B01401 Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру, 6B07500 Стандарттау, сертификаттау және метрология.

Интернеттегі ұстанымдары негізінде жоғары оқу орнының табыстылығын бағалайтын Webometrics Ranking of World Universities әлемдік білім беру мекемелерінің Халықаралық веб-рейтингінің нәтижелері бойынша университет Қазақстанның 130 ЖОО арасында 36-орынға ие болды.

Университеттің Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарының қатарында болуы біз үшін ЖОО бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз ететіндігінің дәлелі болып табылады. Біз рейтингтерді халықаралық және ұлттық орта аясында біздің жетістіктеріміз бен проблемаларымызды сыртқы тараптан бағалау мүмкіндігі ретінде қараймыз. Сонымен қатар, біз рейтингтегі ілгерілеу ұзақ мерзімді процесс екендігін және неғұрлым жоғары рейтингтік орындарға қол жеткізсек, соғұрлым біз одан әрі дамуымыз үшін белсенді жұмыс істеуіміз қажеттігін анық түсінеміз.

Бағдарламадағы мақсатты таңдау біздің көзқарасымызға жетуге деген ұмтылысымызды көрсетеді. Қызметкерлеріміз, студенттеріміз және стейкхолдерлердің осы бағдарламаны әзірлеуге қатысуы мен белсенділік деңгейі біздің болашақ туралы армандарымызды жүзеге асыруға сенімділік береді. Бағдарламаны іске асыру университетті ғылыми және технологиялық болжау, озық біліммен алмасу, АӨК жаһандық проблемаларын шешу мәселелері бойынша бизнестің, қоғамның және мемлекеттің коммуникация орталығына айналдыруға мүмкіндік жасайды.

Аграрлық кадрларды даярлау саласындағы көп жылдық тәжірибені, кәсіби ғылыми-педагогикалық әлеуеттің болуын, сондай-ақ жетекші университеттермен және озық агроқұрылымдармен тығыз өзара әрекетін ескере отырып, университеттің күш-жігері әсіресе АӨК үшін бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауға бағытталған.

Университетте білім беру бағдарламаларының еңбек нарығының қажеттіліктеріне жеңіл икемдену тетігі енгізілді. Білім беру саласындағы маңызды даму жаңа кәсіптер Атласына

бағытталынған жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу болып табылады. Университет осы үрдістерге сүйене отырып, «Робототехникалық жүйелер», «Агроинформатика», «Цифрлық экономика», «Экономика және бизнес аналитика», «Цифрлық экономикадағы менеджмент», «Бизнесі есепке алу, аудит және бағалау», «Қаржылық аналитика», «Индустриялық менеджмент» сияқты жаңа білім беру бағдарламаларын енгізді. «Бизнес-логистика», сондай-ақ «Дене шынықтыру және спорт», «Бейнелеу өнері, көркем еңбек және графика», «Жеміс-көкөніс шаруашылығы», «Жылыжай шаруашылығын ұйымдастыру», «Пайдалы қазбаларды өндіруге арналған жабдыққа сервистік қызмет көрсету» сияқты сұранысқа ие бағыттары, оның ішінде Қазақстан мен Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарымен 4 бірлескен білім беру бағдарламасы (БББ) бар. Жалпы, университет агроөнеркәсіптік кешен (өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, қайта өңдеу және т.б.), мұнай және газ кешені, энергетика сияқты нақты экономиканың бағыттарын қамтиды, аймақ экономикасының қажеттіліктерін қамтамасыздандырады. Бұл университетке білім беру саласында алдыңғы қатарда болуға және өз студенттеріне табысты мансап үшін қажетті өзекті білім мен дағдыларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Университет халықаралық байланыстарды, білім алушылардың академиялық ұтқырлығын жолға қоюға, ПОҚ тағылымдамадан өтуге, алыс және жақын шет елдермен (Польша, Чехия, Румыния, Латвия, Италия, Қытай, АҚШ, РФ, Өзбекстан, Қырғызстан және т.б.) магистратурада және докторантурада оқуға бағытталған халықаралық қызметті жүзеге асырады. Сондай-ақ, сабақ жүргізу үшін Германия, Вьетнам, Словакия, Латвия, Сербия, Польша және басқа елдерден шетелдік ғалымдар тартылады.

Университет «Эразмус+» (Еуроодақ) желісі бойынша жобаларда серіктес болып табылады, 2023 жылы мехатроника, робототехника және ауыл шаруашылығы саласында білім беру сапасын арттыруға бағытталған халықаралық жобалар іске асырылуда. Жобаларды іске асыру шеңберінде профессор-оқытушылар құрамы университеттердің ғалымдарымен және оқытушыларымен ынтымақтасады: Нови-Сад университеті (Сербия), *Żilinska Univerzita - UNIZA*, University of Łódź, Варшава жаратылыстану ғылымдары университеті, (Польша), Universite de Lorraine (Франция), Нюртинген-Гайслинген университеті, Тропиктік және субтропиктік неміс ауыл шаруашылығы институты (Германия), Чехия жаратылыстану ғылымдары университеті (Чехия), Эстония жаратылыстану ғылымдары университеті (Эстония), сондай-ақ Ресей мен Қазақстанның көптеген жоғары оқу орындары.

Бүгінгі таңда университетте Ресей, Өзбекстан, Грузия, Әзірбайжаннан келген шетелдік азаматтар түрлі білім беру бағдарламаларында оқиды.

Ғылыми және инновациялық қызмет контекстіндегі университеттің негізгі міндеттері:

- мал шаруашылығы саласында және ғылымның басқа да басым салаларында тәжірибені өзгертетін, инновациялардың таралуына ықпал ететін жоғары сапалы зерттеулер жүргізу;
- ұлттық және жаһандық міндеттерді шешуге бағытталған білім мен идеялар трансферті арқылы инновацияларды таратуда және университетте кәсіпкерлік қызмет үшін мүмкіндіктер беруде сапалы серпілісті қамтамасыз ету.

Университетке Батыс Қазақстан өңірінің аграрлық-техникалық, ғылыми-зерттеу және білім беру орталығы ретінде өңірлік инновациялық ғылыми-зерттеу саясатын орындауда үлкен рөл беріледі. Қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптық жоспарының негізін мемлекеттік бюджеттік және шаруашылық келісімшарттық жұмыстар құрайды. Ғылыми зерттеулерді бастау үшін асыл тұқымды ядро ретінде университетте бар биоактивтер (балық, құс, ұсақ мал) жатады. Университеттің ғылыми-инновациялық инфрақұрылымына 3 зертхана кіреді:

- химиялық талдау зертханасы;
- мал азығын зоотехникалық талдау зертханасы;
- жұқпалы аурулардың биотехнологиясы және диагностикасы зертханасы.

Ағымдағы жыл университеттің 2019-2023 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асырудың соңғы жылы болып табылады. Осы кезеңде университет алға қойған мақсаттарға жетті, күтілетін нәтижелер алынды. «Жеке тұлғаны оқыту мен қалыптастырудағы

көшбасшылық» стратегиялық бағыты бойынша а/ш мамандықтары бойынша жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі 86,9%-ға дейін өсті (бітіргеннен кейінгі бірінші жылы), шетелдік жоғары оқу орындарымен БОБ саны, сондай-ақ жастар қозғалыстарына қатысатын және СӨС іске асыратын білім алушылардың үлесі артты. «Зерттеулердегі көшбасшылық және білімді тарату» бағыты бойынша халықаралық журналдардағы жарияланымдар үлесінің өсуі (Web of Science Core Collection және Scopus Дерекқоры бойынша) ғылыми жарияланымдардың жалпы санында 20,2% құрады, экстеншн, твининг жүйесіне тартылатын АШТӨ саны 72 бірлікке дейін өсті.

Университет білікті мамандармен, жоғары сапалы инфрақұрылыммен және қаржылық тұрақтылықпен алға қойған стратегиялық мақсаттарды іске асырады, цифрлық трансформация, сапа менеджменті, корпоративтік орта және бизнес серіктестік те ерекше маңызға ие. Осы стратегиялық құралдарды қолдану IT-құзыреттілікті белсенді іске асыратын оқытушылар үлесінің 2019 жылғы 25%-дан 2022 жылы 65%-ға дейін өсуін қамтамасыз етті, жұмыс берушінің түлектерді даярлау сапасына қанағаттану дәрежесі 87%-ды құрады, аудиторияны әлеуметтік ақпараттық арналар арқылы қамту 23202 қарауға дейін ұлғайды, белсенді әріптестер (стейкхолдерлер) саны 98 бірлікке дейін өсті. Бұл стратегиялық бағыттар бізге табысқа және бүгінгі орнықты күйге жетуімізге көмектесті. Сондықтан, 2024-2029 жылдарға арналған жаңа даму бағдарламасының негізіне салынған болашақ ұмтылыстарымыз біздің әлеуетіміздің шекарасын кеңейтуге және мүмкіндіктерімізді пайдалануға бағытталған.

Біздің алға қойған мақсат-міндеттеріміз ұжымдық болғандықтан университетте барлығы бағдарламаны орындауға, негізгі көрсеткіштерге қол жеткізуге жауапты. Барлық нысаналы көрсеткіштер даму бағдарламасының қолданылу мерзіміне есептелген. Біз жыл сайын негізгі тиімділік көрсеткіштері мен мақсаттарымызға қатысты прогресті қадағалап, хабардар етіп отырамыз.

Бүгінгі таңда біз қазіргі заманғы қажеттіліктермен бетпе-бет келіп отырмыз:

- жаһандану жағдайындағы өркениет құндылықтарының дағдарысымен сипатталатын адамгершілік;

- университет қызметінің барлық бағыттары бойынша ақпараттық технологияларды кеңінен таратуды көздейтін цифрландыру, жұмыс орны цифрлық кеңістікке көбірек енуде;

- еңбек нарығының нақты қажеттіліктері мен білім беру бағдарламалары арасындағы теңгерімсіздікті анықтайтын технологиялар;

- life-long learning (LLL) тұжырымдамасын және студенттік орталықтандырылған оқытуды дамытуға ықпал ететін білім беруді даралау;

- академиялық, қаржылық және басқарушылық бостандықтардың кеңеюін анықтайтын және университеттің сапа жауапкершілігінің өсуіне ықпал ететін автономия және академиялық еркіндік;

- корпоративтік басқару және әріптестік, еңбек нарығының субъектілерімен және институттарымен, мемлекеттік және жергілікті билік органдарымен, қоғамдық ұйымдармен барынша өзара іс-қимылға, осы процеске қатысушылардың барлығының мүдделерін келісуге және іске асыруға бағытталған;

- өзара байланысты экономикалық, әлеуметтік және экологиялық үш бағытты дамыту нәтижесінде қол жеткізілетін тұрақты даму.

Бұл жағдайда біз жаңа үрдістерге сай болуымыз, сонымен бірге жоғары сапаны сақтауымыз қажет.

SWOT талдау

Басым жақтары	Әлсіз жақтары
1. Халықаралық және ұлттық рейтингтердегі жоғары нәтижелер	1. Білім алушылар контингентінің төмендеуі, оның ішінде шетелдік білім алушыларының
3. Университетті корпоративтік басқару	2. Процестерді цифрландыру деңгейінің жеткіліксіздігі
4. Нәтижелерге негізделген ПОҚ еңбекақы төлеу жүйесі	3. ПОҚ мен білім алушылардың
5. Бизнес-серіктестермен тығыз қарым-	

<p>қатынас</p> <p>6. Білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің болуы</p> <p>7. Дамыған инфрақұрылым (оқу-зертханалық ғимараттар мен ғылыми-зерттеу корпусы, студенттік үйлер, спорт кешені, секциялар бойынша спорт залдары, медициналық орталық, әскери кафедра)</p> <p>8. Түлектерді жұмысқа орналастыру көрсеткіштерінің жоғары деңгейі</p> <p>9. Жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу</p> <p>10. Университет ғалымдарының ГҚ және БНҚ жобаларын іске асыруға қатысуы</p> <p>11. ПОҚ және білім алушыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету (қызметтік үйлерде, студенттер үйлерінде тұру)</p> <p>12. Мал шаруашылығы және жайылымдарды жақсарту саласында бірегей әзірлемелердің болуы</p>	<p>академиялық алмасуының төмен болуы</p> <p>4. ПОҚ-ның ағылшын тілін меңгерудің деңгейінің төмендігі</p> <p>5. ҒЗТҚЖ коммерцияландыру мен енгізудің үлесінің төмендігі</p> <p>6. Шақырылған шетелдік ғалымдардың санының аздығы</p> <p>7. Интернет кеңістігінде таңымдылықтың төмен болуы</p> <p>8. Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамаларының деңгейінің төмендігі</p> <p>9. Кейбір оқу бағдарламалары бойынша оқу базасының жеткіліксіз жабдықталуы</p>
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>1. Жаңа ББТ, ББ және курстарды дамыту</p> <p>2. Шетелдік жоғары оқу орындарымен әріптестік қатынастар орнату</p> <p>3. Басқа ұйымдарға консалтингтік қызметтер көрсету</p> <p>4. Инновациялық идеяларды, оның ішінде бизнес-серіктестер базасында ілгерілету бойынша шағын инновациялық кәсіпорындар құру</p> <p>5. Ғылыми зерттеулер мен жобаларды қаржыландыру үшін гранттар алу</p> <p>6. ББТ кеңейту арқылы білім беру тапсырысы бойынша білімалушылар санын ұлғайту</p> <p>7. ПОҚ тағылымдамаларын ұлғайту</p>	<p>1. Ауыл шаруашылығы бағыттары бойынша талапкерлердің төмен қызығушылығы</p> <p>2. ҰБТ орташа баллының төмендеуі</p> <p>3. Жаһандану және білім беруді цифрландыру салдарынан бәсекелестіктің өсуі</p> <p>4. Талапкерлердің (оның ішінде шетелдік) астана және республикалық маңызы бар қалаларға кетуі</p> <p>5. Кадрлардың экономиканың басқа салаларына кетуі</p> <p>6. Қашықтықтан білім берудің танымалданылуы</p> <p>7. Технологиялық дамудың жылдам қарқындауы және жаңа мамандықтардың пайда болуы</p>

БҚАТУ тұжырымдамаларда көзделген міндеттерді шешуге ерекше күш салуы тиіс, солайынша Тұжырымдаманың келесідей индикаторлары университеттің мүмкіндіктеріне қарай бейімделген және төмендегі салыстырмалы кестеде келтірілген.

Даму бағдарламаның индикаторларын республикалық деңгейдегі тұжырымдамалық құжаттармен бейімдеудің салыстырмалы кестесі

№ р/с	Тұжырымдама және басқа құжаттар / бағдарламалар	Индикаторлар	БҚАТУ индикаторлары
1	2	3	4
1	Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы	Халықты жоғары біліммен қамту (2029 жылға қарай) – 75 %	1 курсқа қабылдау (2029 жылға қарай) -бакалавриат-1055 адам. -магистратура-103 адам -докторантура-5 адам
2		Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған ЖЖОКБҰ үлесі (2029 жылға қарай) – 100 %	Білім алушылардың университеттегі инклюзивті білім беру ортасымен қанағаттануы (2029 жылға қарай) - 100%

3	ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған соң бірінші жылы жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі (2029 жылға қарай -79%)	Оқу бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі (2029 жылға қарай) - 80% кем емес
4	Жатақханаларда енгізілген төсек-орындарының саны (2029 жылға қарай) - 10 000 орын	Студенттер үйінде білім алушыларды төсек-орындарымен қамтылуы (2029 жылға қарай) - 100%
5	Халықаралық білім беру бағдарламаларын, шетелдік әріптестермен академиялық алмасуларды іске асыратын ЖЖОКБҰ үлесі (2029 жылға қарай) – 70 %	Академиялық ұтқырлықпен қамтылуы (2029 жылға қарай) – 40/13 адам
6	Студенттердің жалпы санынан жоғары білім беру жүйесіндегі шетелдік студенттердің үлесі (2029 жылға қарай) -10%	Шетелдік студенттер саны (2029 жылға қарай) – 100 адам (жылына).
7	Азаматтық және патриотизм деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде студенттік өзін-өзі басқару және пікірталас қозғалысы арқылы тартылған білім алушылардың үлесі (2029 жылға қарай) -65%	Жастар қозғалыстарына қатысатын білім алушылардың үлесі (2029 жылға қарай) – 80%
8	«Күміс университеттерді» құрған ЖЖОКБҰ-ның үлесі (үздіксіз білім беру институттарының тұрақты желісін құру) (2029 жылға қарай) - 60%	«Күміс университеті» моделін іске асыру (2029 жылға қарай) -5 бағдарлама
9	Еңбекке қабілетті халықты формалды емес біліммен қамту (2029 жылға қарай) -50%	Бейресми білім берудің жана курстары/бағдарламалары (2029 жылға қарай) -25 бірлік. Бейресми білім беру бағдарламаларына сұраныс (2029 жылға қарай) – 350 адам.
10	Индекстелетін ғылыми журналдардағы мақалалардың жалпы саны бойынша Қазақстанның InCites елдік рейтингіндегі позициясының өсуі (2029 жылға қарай) – 65 орын	Жоғары рейтингі бар рецензияланған журналдарда мақалалар мен шолуларды жариялау (2029 жылға қарай) -55 бірлік.
11	2021 жылы зерттеушілердің жалпы санынан зерттеушілер санының өсуі (2029 жылға қарай) - 30%	МК, ЖМК және РФТҚ коммерцияландыру жобаларына қатысатын зерттеушілер санының өсуі (2029 жылға қарай) -90 адам.
12	ҒЗТКЖ жүзеге асыратын ғалымдар мен зерттеушілердің жалпы санынан жас ғалымдардың үлесін арттыру (2029 жылға қарай) – 50 %	Жас ғалымдардың жалпы санында ҒЗТКЖ жүзеге асыратын жас ғалымдардың үлесі (2029 жылға қарай) – 50%
13	Зертханалардың ғылыми ұйымдар мен университеттердің жаңартылған жабдықтарының үлесі (2029 жылға қарай) - 40 %	ҒЗЖ үшін сатып алынған негізгі құралдардың құны (2029 жылға қарай) - 80 000 мың теңге.
14	«ҒЗТКЖ саласындағы университеттер мен өнеркәсіп арасындағы ынтымақтастық» көрсеткіші бойынша Қазақстанның	Өндіріске енгізілген аяқталған ғылыми жобалардың үлесі (2029 жылға қарай) – 40%

		ГП рейтингіндегі позициясы (2029 жылға қарай) – 110 орын	
15		Аяқталған қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы санынан коммерцияланатын жобалардың үлесі (2029 жылға қарай) – 50 %	Ғылыми-техникалық нәтижелерді енгізумен іске асырылатын жобалар (2029 жылға қарай) – 2 бірлік (жылына)
16		ҒҒТҚН-ны коммерцияландыру жобаларын және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жеке қаржыландырудың үлесі (2029 жылға қарай) -50%	Ғылыми жобаларды жеке ортақ қаржыландырудың үлесі (2029 жылға қарай)-2,5%
17	Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы	АӨК-тегі енгізілген аяқталған ғылыми әзірлемелердің үлесі (2029 жылға қарай) - 37 %	Өндіріске енгізілген аяқталған ғылыми жобалардың үлесі (2029 жылға қарай) – 40%
18	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы	Жоғары біліммен қамтылған жастар санының артуы (2029 жылға қарай) – 75%	1 курсқа қабылдау (2029 жылға қарай) -бакалавриат-1055 адам. -магистратура-103 адам -докторантура-5 адам
19		Дарынды жастар санының артуы (2029 жылға қарай) – 1,1 млн. адам.	Білімалушылардың әлеуметтік құзыреттіліктерінің өсуі (2029 жылға қарай) – 90%
20		Волонтерлік және қайырымдылық жобаларына, оның ішінде экологиялық бастамаларға тартылған жастардың үлесін ұлғайту (2029 жылға қарай) - 32%	Волонтерлік қозғалысын дамыту(2029 жылға қарай) – 4 жоба (студенттердің 32%-ын қамтуымен)

3-бөлім. Ұйымның миссиясы, көзқарасы, құндылығы және даму перспективалары

Миссиясы: ғылыми-технологиялық білімді құру, жинақтау және беру, тұлғаны қалыптастыру арқылы экономиканың инновациялық дамуында белсенді ойыншы болу.

Көзқарасы: біз кәсіпкерлік ойлауы бар кадрларды даярлаудағы көшбасшылыққа негізделген және инновациялық идеялар мен өнімдерге қосқан үлесі мен ілгерілеуі үшін танылған университет брендіні жасаймыз.

Құндылықтар:

- білім мәдениетіне, руханилыққа, патриотизмге негізделген университет дәстүрлері;
- корпоративтік басқару;
- тұлғаға бағдарлану.

Стратегиялық бағыттар:

- өсіп келіп жатқан контингентті тарту;
- оқу қызметін ұйымдастырудың жоғары стандарттары;
- ғылымның бәсекеге қабілеттілігі мен нәтижелілігін арттыру;
- университеттің қоғамның дамуына қосатын үлесі.

4-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер, түйінді көрсеткіштер және оларға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар

1 - стратегиялық бағыт: Өсіп келе жатқан контингентті тарту

Мақсаты:

Білім алушылардың білім беру және зерттеу қоғамдастығын қалыптастыру

Міндеттер:

1. Талапкерлермен және мүдделі тараптармен өзара қатынастардың әртүрлі құралдарын пайдалану.
2. Талапкерлердің назарын аудару және қызығушылығын арттыру үшін университет қызметі туралы ақпараттарды кеңейту.

Университеттің ұстанымын нығайту және сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін университетте студенттердің мүдделері мен қазіргі жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін қазіргі заманғы трендтерге бағдарланған жаңа білім беру бағдарламалары құрылып, өзектендірілетін болады. Білім алушылардың қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін білім беру тәсілдерін бейімдеудегі икемділік – маңызды аспектілердің бірі.

Талапкерлердің назарын аудару үшін ашық есік күндері, білім жәрмеңкелері, вебинарлар мен презентациялар, соның ішінде көшпелі және қонақ форматтарын қоса түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады.

Білім беру мекемелерімен байланыстарды нығайту үшін мектептермен және колледждермен берік байланыстарды дамытуға ерекше назар аударылатын болады. Бұл талапкерлердің нәтижелі серіктестік құра отырып, болашақ мамандыққа деген қызығушылығын қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді.

